

**«6D020400 – Мәдениеттану» мамандығының философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Маликова Асель Маликқызының
«Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде»
тақырыбына жазылған диссертациясына ресми**

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі дау туғызбайды. Диссертацияда автор оны жан-жақты дәйектей алған. Шындығында да тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі бетбұрыстың басты арнасының бірі – тарихи тағдырдың ықпалымен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жүйелі жаңғырту болып табылады. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі өзекті міндеттерді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі рухани-мәдени құндылықтарды халық кәдесіне қайтару, яғни адамдарды мәдениеттанулық тұрғыда оятатын ұлттық шешендік өнер дәстүрін қайта жаңғырту; ұлы дала халқының шешендік сөз өнерінің мәдени дүниетанымдық астарын жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы бүгінгі ұлттың жаңа сападағы рухани-мәдени болмысын қалыптастыру; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы болған – шешендік сөз өнерінің мәдени-рухани мол мұрасын белсенді түрде меңгеруге ықпал ету мақсатын көздеген бұл диссертацияның маңызы зор деп есептейміз.

Қазіргі кезде әлеуметтік-мәдени модернизация заманында тұлғаның мәдени интеллектуалды жаңа бейнесінің қалыптасуы тұрғысында шешендік өнерді зерттеу өзекті мәселелердің қатарында болатыны дау туғызбайды. Себебі, интеллектуалды ұлт азаматтарының сапалы жаңа болмысын қалыптастыру – бүгінгі Қазақстан Республикасы дамуының басты мақсаттарының бірі. Бұл міндетті орындау арқылы біз азаматтарымызды кемел тұлға ретінде қалыптастырып, оның мәдениетін, рухани өресін дамыта аламыз.

Осы ретте, «6D020400 – Мәдениеттану» мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Маликова Асель Маликқызының «Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деуге негіз бар.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация жалпы үш бөлімнен, алғашқы екі бөлім үш және соңғысы екі тараушадан тұрады. Диссертацияда ғылыми зерттеу нысаны мен пәні

анықталған. Онда қойылған мақсатқа байланысты міндеттер көзделіп, шешімін тапқан. Диссертант қойылған міндеттерді шешу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді:

Бірінші ғылыми нәтижеде шешендік өнердің мәдени-тарихи астарына, оның өркениеттік сипаты мен мәдени қуаты мен әлеуетіне, мәдени теориялық негіздеріне отандық ғылымда алғаш рет талдауға қадам жасалады.

Екінші ғылыми нәтижеде шешендік өнердің тарихы мәдени философия тұрғыдан қайта зерделенеді, атап айтқанда батыс-христиан және түркі-мұсылмандық мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдары компаративистік сараланып, ондағы дін қызметшілерінің көркем сөйлеу мәдениетінің айырмашылықтары анықталады.

Үшінші ғылыми нәтижеде түркілік шешендік өнерді тарихи-логикалық, эпистолярлық, мәдени стратегиялық талдау арқылы қазақ шешендік мәдениеттегі орны мен рөлі ұлттық бояу, ұлттық нақыш, елдік сана идеялары тарихи-мәдени принциптер тұрғысынан отандық ғылымда алғаш рет сарапталады.

Төртінші ғылыми нәтижеде шешендік өнердегі негізгі мәдени тұғырнамалар анықталып, олардың сабақтастығы жүйелік талдау, семантикалық, тұтастық, ретранслиттік және интроспекциялық, коррелятивтік (сәйкестендіру, өзара байланыстылық) талдау арқылы сарапталады.

Бесінші ғылыми нәтижеде шешендік сөз өнеріндегі мәдени-құндылықтық концепциялар әмбебаптық, мәдени-акциологиялық, теңгермелік, герменевтикалық талдау арқылы анықталып, олардың мәдени философиялық астары пайымдалады.

Алтыншы ғылыми нәтижеде би-шешендердің сөз саптау ерекшеліктеріне мәдени когнитивтік детерминизм тұрғысынан сарапталып, өзіндік мәдени перцепциялық тұстары анықталады.

Жетінші ғылыми нәтижеде кәсіптік шешендіктің өзіндік ерекшеліктері мен қырларын салыстыра саралау, коррелятивтік, теңгерімдік талдау арқылы кәсіптік шешендіктің ішінде аудиториядағы лекторлардың сөйлеу техникалары мен бағыттары отандық мәдениеттануда алғаш рет мәдени эпистемалық тұрғыда жүйеленеді.

Сегізінші ғылыми нәтижеде соңғы кезде әлеуметтік желілерде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын сауалнама жүргізу негізінде эмпирикалық зерттеу арқылы онлайн тренингтердің түрлері мен мәдени сапасы мен деңгейі анықталады.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Шешендік өнердің мәдени құбылыс ретіндегі болмысын, оның мәдени феномендік табиғатын, өркениеттік онтогендік негіздерін анықтай отырып, ондағы тірек ұғымдарға: «мәдениет» (20 б.), «өркениет» (21 б.), «шешендік өнер» (22 б.) дифинициялық талдау жасалынады. Бұл тұста «шешендік –

өркениеттік феномен» және «шешендік – мәдениет» деген ұстанымға сүйене отырып, оларға талдау жасалынады. «Мәдениет пен өркениет – егіз ұғым, бір-бірімен өзара тәуелді байланыс заңдылықты көрсетеді. Олар – бір бүтіннің екі жағы, өзара шарттас ұғым. Мәдениет – өркениеттік жаратылыс, ал өркениет – халық атаулының мәдени үдеріс кеңістігі» (21 б) деген ғылыми тұрғыда негізді тұжырым жасалады. Диссертанттың «шешендік өнер – мәдениеттің контенттік континуумы әрі рухани эпицентрі» (22 б.) деген тұжырымы ғылыми тұрғыда негізді деп есептейміз. Автор мәдениеттің тарихи болмысын анықтауға қадам жасай отырып, «тарих – шешендік өнер үдерісі» және «шешендік өнер – тарихи кеңістік континуумы», деген ой-тұжырымдық идеясымен келісеміз (23 б.).

Екінші ғылыми нәтиже анық және дәйекті дәлелденген. Диссертант мұнада батыс-христиандық мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдарын анықтау мақсатында шешендіктің қалыптасу кезеңдері мен деңгейлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасалынған (34 б.). Сонымен бірге, оның мәдениеттегі орны мен рөлін, ұлттық жетілудің – әлеуметтік-саяси, қоғамдық-тұрмыстық, академиялық, соттық-құқықтық, діни-шіркеулік – сияқты бағыттары орынды анықталған (36 б.). Шешендік өнердің батыс-христиан мәдениетіндегі көрініс алуы және ондағы қағидалардың өзіндік болмысы мен ерекшеліктерін ой елегінен өткізілген (39 б.). Автор, «егер антикалық дәуір шешендігіндегі мәдени қағидалардың қалыптасуына қоғамның саяси-прагматикалық сұранысы негізгі өлшем болған болса, Ортағасырларда шамадан тыс діни негіздер мен діни түсініктер басымдылыққа ие болды» (40 б.) деген орынды тұжырымға келеді. Сондай-ақ, «шешендік өнер христиан дінінің догмаларын санаға сіңіре отырып, адамдардың сана-сезіміне әсер етуге бағытталған шіркеу шешендігінің гомилетика бағыты қалыптасты, ол діни шешендіктің дамуына өлшеусіз үлес қосты» (43 б.)десе, енді бірде «қайта өрлеу дәуірінде шешендік өнер адамға сана-сезімді, еркін, шығармашылық мүмкіндіктері шексіз жаратылыс тұрғысынан келді» (44) деген тұжырым жасалып, «мұнда сөзбен ықпал ету, шешендік насихат арқылы наным-сенімді қалыптастыру, тілдік агрессияны, «сөз майданын» еңсеру мақсаты көзделді» (45 б.) деген орынды көзқарасты ұсынады.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және айқын дәлелді болған. Бұл тұста диссертант түркі мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларының: эйкумендік болмыстың ұштағандық тұғыртасы (48 б.), адамзатының әлеуметтік-саяси жаратылыс болу «ақиқаты» (49 б.), «дұшпандық» пен «бейбітшілдік» саяси концепция (50), түркілік жершілдік, елшілдік, отаншылдық мәдени қағидаты (51 б.), түркілік мәдениеттегі «сенім» – адамның тіршіліктік ғұмырының континуумы (52 б.), түркілік қаһармандық мәдениеті (53 б.), ізгілік, кісілік, әділдік, адамгершілік, «тіршілік», «төзімділік» (54-55 бб.) дейтін үдерісті мәдени құндылықтары сияқты кейбір тұстары экзистенциялық мәдени қағида ретінде мойындалады деген қисынды тұжырым жасалады. Фарабидің шешендік өнеріндегі мәдени концепцияларды талдай келіп, автор, оның «тағдыр» феноменінің мәдени универсум болу қағидасы дәрежесіне көтереді.

Фарабидің «адалдық» ұғымын мәдени қағидаттық статусқа көтеру мәдениеттанулық позициясы анық көре білген (56 б.).

Төртінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Мұнда мәдениеттану ғылымында алғаш рет қазақ шешендігінің ұлттық мәдениеттегі орны мен рөлін анықтау барысында, диссертант «қазақ шешендік сөз өнері – адамзаттың ар-ождан, тіл бостандығының көріну формасының әрі алаңы, әрі ірге тасының бірі» (61 б.) деген өте ұтымды қорытынды жасайды. «Қазақ шешендігі ұлтымыздың бүкіл ішкі рухани әлемін, тіршілік философиясын, қазақтың ұлт ретіндегі макро-микродүниедегі алатын орнын, болмыс-жаратылысын бейнелейді және ол қазақтың өзін-өзі түсінуі үшін рухани негіз, әдіснамалық құрал» (62 б.) деген тұжырым жасалады. Сонымен бірге, «қазақтың шешендік мәдениеті – Шығыс мәдениетінің құрамдас бөлігі, қала берсе бүкіл әлемдік мәдениеттің бір тамыры, шешендік мәдениет қазақтың ішкі рухани потенциалын ашу арнасы, қазақ шешендігіндегі халықтың мәдени философиясы, қазақтың – тәлім-тәрбие мектебі» (63) деп мойындалады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ шешендік мәдениетінің зерттелуіндегі мақсат-міндеттің тағы бір қыры – ол оның қызметтік жүгіне көңіл бөлу деген ой түйінделеді (65 б.).

Бесінші ғылыми нәтиже нақты және дәлелденген. Қазақ шешендігіндегі саяси тұғырнамалар жүйесінің мәдени астарына сараптау жасай отырып, олардың мәдени сабақтастық жақтарын ой елегінен өткізіп, мәдениеттанулық рефлексия кешенін қалыптастыруға қадам жасалады (73 б.). Бұл ғылыми тұрғыда сауатты шешім деп есептейміз. Диссертант шешендік пен саясат арасындағы өзара диалектикалық байланысты мойындай келе, «шешендік өнер, ең әуелі, қоғамдық саяси-мәдени қажеттікке байланысты пайда болған» (74 б.) деген қисынды тұжырымға келеді. Ізденуші, «шешендік сөз дәстүрі мемлекеттің саяси-мәдени өмірінен тыс болуы мүмкін болмайтын құбылыс дей келіп, шешендік өнерде қазақ халқының өз саяси тіршілігінде басшылыққа алып отыратын әлеуметтік-саяси мәдени қоры болды деп айта аламыз» (77 б.), «қазақ мемлекетінің саяси тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттай алған ерекше саяси-мәдени феномен деген ой қортуға болады» (78-79 бб.) -деп нанымды тұжырым жасай білген.

Алтыншы ғылыми нәтиже анық және дәлелденген. Диссертант: «қазақтың шешендік сөз өнері – ұлтымыздың өзінше мәдени құндылықтар жүйесін қамтыған әмбебап рухани универсумның бірегейі» (89 б.), -деген ғылыми орынды көзқарасты ұсынады. Оны ізденуші «рухани мәдени сана – әр елдің өзіне ғана тән ортақ рухани құндылықтар жүйесі, мәдени-танымдық тұтқалар жиынтығы, -деп келіп, «оның таусылмас потенциялы болатын қазыналары шешендік өнердегі мәдени сананың формалары туралы айтылатын идеялар мен аксиологиялық көзқарастарда» (90 б.), -деген ой тұжырыммен бекітеді. Бұл ретте автор мәдени құндылықтар концепцияны шешендік өнердегі рухани мәдени қалыптардың – ақылдылық пен ашудың, әділдік пен арамдықтың, бақыт пен бақытсыздықтың, арман мен азаптың, талап пен еріншектік сияқты рухани сапалардың ара-салмағын өлшеу тәсілдерін сараптау арқылы көрсете білген (91-98 бб.). Бұлар ізденішінің

пікірінше, оң мен терістің, бұрыс пен дұрыстың, жаман мен жақсының ара-жігін ажырата білу мәдениетінің үлгісі болмақ (96 б.).

Жетінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Мұнда ізденуші кәсіби шешендікті шешендік сөз өнерінің трансформациялану формасы ретінде мойындай отырып, оның ағартушылық және инновациялық бағыттарын қарастыру арқылы оны мәдениеттанулық тұрғыдан талдауға талпыныс жасайды (121 б.). Бұл ғылыми жұмыстың бірден-бір өзіндік ерекшелігін айқындайтын фактор деп санаймыз. Сонымен бірге диссертант, оны 1) шешендік өнердің трансформациялану қасиетін мәдениеттің трансформациялану сипатымен байланыстырса, 2) соңғысының трансформациялану сипатын адамның өзіндік автономды әрі еркін жаратылыс ретіндегі болмысымен, кәсіптік бағытпен байланыстыратын көзқарасқа негізделгені (122-123 бб.), әрі оны өнердің санқилы, әсіресе театр өнерімен байланыстырғаны (128-129 бб.) ғылыми қисынын тапқан деп ойлаймыз. Бұл үдерісті диссертант адам қызметіндегі «белсенділік», «рухан идеалдық», «адамгершіліктік», «ағартушылық», «сөз атмосферасы», «мойындату», «сендіру», «тәрбиелік», сиқты функциялармен байланыстырады. Түптеп келгенде, ізденуші оны қызметтік тұлғаның өз рухани әлемін өзгерту сұранысының (124 б.) константтық құбылыс болуымен дәлелдейді. Автор кәсіби шешендікке қатысты «шешендік тіл – жұмсақ күш» (125 б.) дейтін концепцияны алға тартады. Ізденушінің бұл қисынды шешімін мақұлдауға тұрарлық деп есептейміз.

Сегізінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып саналады. Бұл ретте ізденуші әлеуметтік желі жүйесіндегі онлайн-платформа мәдениетіне, экрандық мәдениетке, телерадиокommunikацияның аудиовизуалдық мәдениеттің ерекшеліктеріне қатысты мәдениеттанулық талдау жасай отырып, бүгінгі медиақызметкердің шешендік шеберлігін зерттеу мақсатын көздейді (145 б.). Мұнда диссертант экранындық көрсетілімдердегі сөз бен бейненің үйлесу ерекшеліктеріне, мультимедиялар мен конвергенция кездерінде аудиовизуалдық коммуникацияның ерекшеліктеріне байланысты сюжеттің немесе материалдың аудиовизуалдық контентін қалыптастырудағы шешендік сөз рөліне басымдық беріп оны басқару мәселесіне баса назар аударады. Мәселен «эфир тілі», «вербалдық мәдениет», «жанды сөз», «сөз самалы» (146 б.), «эмоционалды әрі деректі сөз», «әлеуметтік желі революциясы» (147 б.), «инстаграмм желісі», «блогерлік аккаунттар» (148-149 бб.). «Инстаграмм бәрін өзгертіп, қолданушылардың өзін-өзі танытуына, адамдардың өзара жаңаша араласуына мүмкіндік берді» (148 б.), -дейді автор. Осының өзі әлеуметтік желідегі әртүрлі тренингтерді шешендік сөз өнерімен байланыстыруға негіз болатынына сенімді арттыра түспек.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже түбірлі жаңа, «шешендік сөз өнері» мәселесі отандық мәдениеттану ғылымы аясында оның зерттеу нысаны ретінде алғаш рет зерттеліп отыр.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа жаңа, батыстық шешендік дәстүрі жалпы мәдени феномен ретінде біршама қарастырылған деп есептейміз. Дегенмен диссертант мәдениеттанулық принциптерге баса назар аударады.

Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, түркілік шешендік сөз өнері отандық әдебиеттану мен мәдениет философиясында қарастырылған деуге болады. Алайда ізденушінің еңбегі оны мәдениеттанулық таным ұстанымдарының басымдылығымен ерекшеленеді.

Төртінші ғылыми нәтиже түбірлі жаңа, шешендік сөз өнері қазақ мәдениетті контекстінде оның орны мен рөлі отандық мәдениеттануда ағаш рет талдау арқылы көрініс тапқан.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа жаңа, қазақ шешендік сөз өнерінің саяси-мәдени тұғырнамалары мен олардың сабақтастығы өзіндік мәдени трендтер арқылы талданады.

Алтыншы ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, қазақ шешендігіндегі мәдени-аксиологиялық концепциялар әлеуметтік философияда біршама қарастырылған, алайда ізденуші оған рухани жаңғыру жағдайындағы адамның интеллектуалдық мәдениетін дамытудың негізгі бағыттарын көрсете білген.

Жетінші ғылыми нәтиже түбірлі жаңа, диссертант кәсіби шешендікті шешендік сөз өнерінің заманауи трансформациялану формасы ретінде нысаналы зерттеуге қадам жасаған.

Сегізінші ғылыми нәтиже жаңа, диссертациялық жұмыста әлеуметтік желідегі онлайн тренингтерді кәсіби шешендікке баулу механизмі ретіндегі қарастырылуы ізденушінің жаңашылдық бастамалары арқылы көрініс тапқан.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Аталмыш тақырып бағытындағы зерттеу бүгінгі таңда отандық мәдениеттану ғылымында теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да аса маңызды деуге негіз бар. Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен түйіндемелер шешендік сөз өнері қазақ мәдениеті тарихының, қоғамның мәдени дамуында ерекше рөл атқарушы фактор мәселесін зерттеуде, қазіргі заманғы қазақ қоғамы үшін, соның ішінде шешендік тану мен мәдени аксиология жүйесін зерттеу базасын кеңейтетін теориялық тұрғыда құнды ізденіс болатынын көрсетеді.

А.М. Маликованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері мен қағидалары жоғарғы оқу орындарында оқытылатын мәдени антропология, мәдени аксиология, мәдениеттану, мәдени философия, қазақ шешендік өнері пәндерінде, университеттердің философия мен мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану бөлімдерінің студенттеріне «Қазақ шешендік сөз өнер – мәдени құбылыс», «Кәсіби шешендік – шешендік тіл мен сөз өнері формасы» деген тақырыпта арнайы курстарды оқуда қолданыс таба алады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

А.М. Маликованың диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 11 ғылыми мақалада жарияланды. Атап айтсақ, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған журналда – 4 («Адам әлемі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы журналдарында»); Scopus цитата базасына енген, «European Journal of Science and Theology» румын журналында – 1 мақала; Шетелде өткен ғылыми конференция жинақтарында 6 мақала (оның ішінде төртеуі Ресей, Украина және Австрия елдерінде) жарық көрді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыс құрылымы талаптар бойынша оңтайлы жүйеленген. Бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция бойынша жіктелген. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйектілікпен жазылған. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қорытындылары сауатты, орынды, орнықты және нанымды келтірілген.

Дегенмен, диссертацияда кейбір кемшіліктер орын алған деп санаймыз, осы реттегі ұсыныстарымыз төменгідей:

1. Бірінші тараудың 2-ші параграфында батыстық шешендік сөз өнеріне, әсіресе қайта өрлеу дәуіріндегі тұлғалардың шешендік үдерісіне талдамгерлік әдіс жеткіліксіздеу болып көрінді. Бұл жұмыстың көлемдік шегінен шығып кетпеу сақтығынан туындаған болар деген ой туды.
2. Үшінші тараудың 2-ші параграфтың атауы «Кәсіби шешендік – шешендік өнердің трансформациялану формасы ретінде» деп аталса қалай болады көзқарас туындайды. Әрине бұл ізденушінің өз еркі құзырында болуы анық.
3. Жұмыста кейбір стилдік және грамматикалық ағаттар орын алған.

Алайда аталған кемшіліктер А.М. Маликованың зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесі мен сапасын төмендетпейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Маликова Асель Маликқызының «Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде» тақырыбына орындалған диссертациялық зерттеуі жоғары деңгейде жазылған, логикалық тұрғыда аяқталған, танымдық әрі тағлымдық, тәрбиелік маңызы өте жоғары жұмыс болып табылады. Автор зерттеу жүргізу барысында көптеген хронотроптық материалдарды орынды қолдана білген. Сонымен қатар, ізденуші тақырыпты зерттеу барысында мәселені өзектендіру, концепттендіру, жүйелеу, әмбебаптандыру әдістерін ұтымды пайдалана отырып, афоризмдік тәсілді шебер қолда алған.

Диссертациялық зерттеу жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің

«Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді және Маликова Асель Маликқызы «6D020400 - Мәдениеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептейміз.

Ресми рецензент:

профессор, филос. ғ. докторы

Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ



Д.С. Раев